

Маңғыстау ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау қағидалары туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 29/445 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қаңтарда № 2945 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2021 жылғы 28 мамырдағы № 3/51 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 28.05.2021 № 3/51 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Маңғыстау ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау Қағидалары бекітілсін.

2. Маңғыстау облыстық мәслихаты аппаратының басшысы (Д.Сейбағытов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

М. Ибағаров

Облыстық

мәслихат хатшысы

Б. Жүсіпов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Маңғыстау аудандық аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы
Д.Н. Әбділов
10 желтоқсан 2015 жыл.

"Маңғыстау аудандық ауыл
шаруашылығы және ветеринария
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы
Б.К. Әбуов
10 желтоқсан 2015 жыл.

"Маңғыстау облысының Ішкі істер департаменті
Маңғыстау ауданының Ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Ә.А. Төленов
10 желтоқсан 2015 жыл.

Ескерту. Келісу парағына өзгерістер енгізілді Маңғыстау облыстық мәслихатының 29.09.2017 № 13/159 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Маңғыстау облыстық мәслихатының
2015 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 29/445 шешімімен
бекітілген

Маңғыстау ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау Қағидасы 1 . Жалпы ережелер

1. Маңғыстау ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау Қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және адамдар мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау мақсатында әзірленді. Қағидалар жануарларды асырау, өсіру және ауыл шаруашылығы жануарларын жою тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағида да мынадай түсініктер қолданылады:

1) жануарлар – ауыл шаруашылығы, үй, жабайы, жыртқыш және улы: сүтқоректілер, құстар, бал аралары, балықтар, жәндіктер және тағы басқа да жануарлар әлемінің өкілдері.

2) үй жануарлары – ауыл шаруашылық мақсаттағы жануарлардан басқа, адамның толық немесе жартылай ұстайтын, тамақ өнімдері мен өнеркәсіп шикізатын алу үшін пайдаланбайтын зоологиялық түрлері;

3) жануар иесі – жеке және басқадай меншігінде жануары бар жеке және заңды тұлға;

4) жабайы жануарлар – құрлықтағы, судағы, атмосферадағы және топырақтағы табиғи еркіндік жағдайында тіршілік ететін сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және басқалар;

5) қараусыз жануарлар – меншік иесі бар және оның иелігінен (қарауынан) уақытша босып кеткен, иесі болмаған немесе иесі белгісіз жануарлар, сондай-ақ оның иесі меншік құқығынан бас тартқан үй жануары;

6) ветеринариялық іс-шаралар – жануарлар ауруларының профилактикасын, оларды емдеуді немесе диагностикасын қоса алғанда, олардың пайда болуын, таралуын болғызбауға немесе оларды жоюға; жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін аса қауіпті аурулар жұқтырған жануарларды залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға), алып қоюға және жоюға; жануарлардың өнімділігін арттыруға; жануарлар мен адамның денсаулығын жұқпалы, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау мақсатында, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қоса алғанда, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жемшөп және жемшөп қоспаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған эпизоотияға қарсы, ветеринариялық-санитариялық рәсімдер кешені;

7) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспортты бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (күралдарды) пайдалану, таңбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын, жануарларды есепке алу рәсімі;

8) ветеринариялық құжаттар – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары беретін ветеринариялық-санитариялық қорытынды, ветеринариялық сертификат; тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық ахуал туралы жануарға, жануарлардан алынатын өнімдерге және шикізатқа жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы маманы, сондай-ақ жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдердің және шикізаттың ветеринариялық

нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшесінің аттестатталған ветеринариялық дәрігері беретін ветеринариялық анықтама;

9) ветеринариялық паспорт – уәкілетті орган белгілеген нысандағы құжат, онда: жануарларды есепке алу мақсатында жануарлардың иесі, түрі, жынысы, түсі, жасы көрсетіледі;

10) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық, зоогигиеналық) талаптарды белгілейтін, сондай-ақ ветеринариялық нормативтердің негізінде ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібін айқындайтын, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылатын нормативтік құқықтық акт;

11) ветеринариялық-санитариялық сараптама – жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін органолептикалық, биохимиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, уыттық және радиологиялық зерттеулер кешені арқылы айқындау;

12) дезинфекция, дезинсекция және дератизация – жұқпалы және паразиттік ауруларды қоздырғыштарды, тұрмыстық жәндіктерді және кеміргіштерді өндірістік, тұрғын үй ғимараттарында, көлікте, қоғамдық орындардың жайларында және аумақтарда жоюға арналған шаралар кешені.

2. Жануарларды тіркеу тәртібі

3. Жануарларды тіркеу бірдейлендіру жолымен адам мен жануарларға ортақ қауіпті жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу, адамдарды жануардың жарақаттауы немесе басқалай залалын болдырмау, жоғалып кеткен жануарларды іздестіру және жануарлардың санын реттеу мақсатында жүзеге асырылады.

4. Меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, жеке және заңды тұлғаларға тиесілі барлық ауыл шаруашылығы, үй, жабайы, иесінен ерекше жауапкершілікті талап ететін жыртқыш және улы жануарлар ауылдар мен ауылдық округтердің әкімі аппараттарында міндетті есепке алуға және тіркеуге жатады.

5. Жануарларды тіркеу және қайта тіркеу кезінде олардың иелері келесі мәліметтерді тапсырады: иесінің жеке басын куәландыратын құжат, мекен-жайы туралы мәлімет, байланыс телефонының нөмірі, жануардың түрі және тұқымы, жынысы, аты, туған жылы, түсі, ерекше белгілері немесе сипаттамасы.

6. Әрбір тіркелген жануарға сәйкестендіру нөмірі мен жануардың бүкіл өмір бойына жарамды ветеринариялық паспорт беріледі. Жануарлардың сәйкестік

нөмірін беру құлақ сырғаларын салу, микрочиптеу немесе таңбалау арқылы іске асырылады.

7. Тіркеу кезінде жануарлардың иесі осы Қағидамен танысуы міндетті. Танысу дерегі жануар иесінің тіркеу кітабындағы қолымен расталады.

8. Сатып алғанда немесе иесі мекен-жайын ауыстырғанда жануарлар иесінің жаңа мекен-жайы бойынша екі апта мерзім ішінде тіркеледі.

9. Жануар мерт болған және ауыл шаруашылығы жануары сойылған жағдайда ветеринариялық паспорты мен сәйкестендіру нөмірі бұрын сол жануар тіркелген органға немесе мекемеге тапсырылады.

10. Тіркеу органына жануардың қолдан кетуі (сату, жоғалу, сойылу, мерт болуы, басқа тұлғаға беру) туралы оны есептен шығару немесе қайта тіркеу үшін екі апта мерзімінде хабарланады.

3. Жануарларды асырау тәртібі

11. Ауыл шаруашылығы жануарларын асырау, өсіру, жаю елді мекендердегі санитариялық аймақтарға қойылатын талаптарға және қосалқы шаруашылықтарда жануарларды асыраудың және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді мал жаюға пайдаланудың ветеринариялық нормативтеріне сәйкес жүргізіледі.

12. Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес анықталатын санитариялық аймақтың шекарасында ауыл шаруашылығы жануарларын асырауға, өсіруге, жаюға тыйым салынады.

13. Ауыл шаруашылығы жануарларын қолданыстағы зоогигиеналық, ветеринариялық-санитариялық нормаларға сәйкес және экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, тұрғын жайлардан, мектептерден, емдеу және мектепке дейінгі мекемелерінен, бақтардан, хайуанаттар бағынан, стадиондардан, қоғамдық тамақтандыру, сауда, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарынан, демалыс орындарынан, балаларды сауықтыру орындары мен шипажайлардан, жасанды су айдындарынан, артезиан құдықтарынан, су көздерінен қашықта орналасқан арнайы жабдықталған орындарда асырау керек.

14. Жеке тұрғын үй иелеріне ветеринариялық-санитариялық және санитариялық-эпидемиологиялық ережелерді сақтаған жағдайда қолданыстағы зоогигиеналық, ветеринариялық-санитариялық, нормаларға сәйкес және экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып жабдықталған арнайы тұрақжайда ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарды асырауға рұқсат етіледі.

15. Ауданның ауа кеңістігінен жабайы құстар ұшып өтетін мезгілдерде, жұқпалы ауруларды таратушы болуы мүмкін ұшып өтетін жабайы құстармен қатынасты болдырмау мақсатында, иелері құстарын жабық орындарда ұстау керек.

16. Жануарларды асырайтын орынжайлар апта сайын механикалы түрде тазалануы және дезинфекциялануы тиіс: жануарлардың нәжістері мен саңғырықтары, азықтарының қалдықтары және қоқыстар уақытында арнайы белгіленген орындарға шығарылады.

17. Жәндіктер мен кеміргіштерге қарсы күресу мақсатында жануарлар мен құстар тұратын орындар ай сайын инсектицидтер мен дератизаторлық препараттарымен зарарсыздандырылады.

18. Көшелерде, алаңдарда, саябақтарда, темір жол мен автокөлік жолдарына тиесілі аймақтарда және басқа да қоғамдық орындарда жануарларды жаюға, сондай-ақ, қараушысыз бос жіберуге тыйым салынады. Жануарлар жергілікті атқарушы органдармен белгіленген жайылымдық жер телімдерінде жайылуы тиісті. Жануарларды жайғанда және айдап өткенде тұрғындардың қауіпсіздігіне жануарлардың иесі жауапты болады.

19. Ауданның тұрғын үй қорының пәтерлерінде (көп қабатты тұрғын үйлер) ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарды (ірі қаралар, қойлар, ешкілер, жылқылар, түйелер, шошқалар, маралдар мен бұғылар, тауықтар, үйректер, қаздар, күркетауықтар, бал аралар, мамық жүнді аңдар) асырауға тыйым салынады.

20. Жануарлар мен құстарды мектепке дейінгі мекемелердің, мектептердің, және басқа ұйымдар мен мекемелердің зоологиялық бұрыштарында асырау ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау саласындағы уәкілетті органның келісімімен рұқсат етіледі.

21. Жануарлардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес арнайы ұстайтын орны, осы салада арнаулы білімі мен тәжірибесі жоқ тұлғаларға жабайы, жыртқыш және улы жануарларды асырауға тыйым салынады.

22. Жануарларды қоғамдық шомылатын орындарда, тоғандарда, субұрқақтарда, су айдындары мен су бөгеттерінде шомылдыруға және жуындыруға тыйым салынады.

23. Елді мекендердің аумақтарында жануарлардың өліктерін тастауға, сондай-ақ оны өз бетінше көмуге тыйым салынады.

Жануарлардың өліктері санитариялық тазалықты қамтамасыз ететін мекемеге тапсырылады немесе арнайы белгіленген орындарда жойылуға жатады.

24. Адамдардың денсаулығына және жануарларға қауіп туғызатын жануарларды алу және жою Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі. Егер жануар клиникалық сау деп танылған жағдайда, иесіне қайтарылады.

25. Елді мекендердің санитариялық аймақтарында, көшелерде, алаңдарда, саябақтарда және көпшілік жиналатын қоғамдық орындарда қараушысыз бос

жүрген жануарлар қараусыз жануарлар деп есептеледі және арнайы жабдықталған орындарға иесі табылғанға дейін қамауға жатады.

26. Қараусыз жануарларды ұстау және иесіне қайтару Қазақстан Республикасы азаматтық Кодексінің 246-бабына сәйкес жүргізіледі.

27. Қараусыз ауыл шаруашылығы жануарларын арнайы жабдықталған орынға жеткізу, тасымалдау, күзету, ұстап-күту үшін шыққан шығындардың орнын қараусыз малды ұстауға жауапты кәсіпорын берген шоттарға сәйкес, жануарлардың иелері өтейді.

4. Жануарларды сатып алу, сату және тасымалдау

28. Белгіленбеген орындарда және ветеринариялық құжаттарынсыз жануарларды сатуға тыйым салынады.

29. Жануарларды аудан аумағынан тыс жерге тасымалдау аудандық жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар берген ветеринариялық паспорты мен ветеринариялық өңдеулер жүргізілгендігі туралы белгісі бар белгіленген үлгідегі ветеринариялық анықтамасы болған жағдайда жүзеге асырылады.

30. Ауданның аумағына шет мемлекеттерден жануарларды алып келу, алып кету Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринария саласындағы уәкілетті органның рұқсаты болғанда жүзеге асырылады.

31. Жануарларды автомобиль, әуе, теміржол және су көліктерінде тасымалдау осы көліктердің түрлерінде жануарларды тасымалдау Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Жануарлар иелерінің құқықтары мен міндеттері

32. Жануарлар иелерінің құқықтары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жануарларды сатып алуға және өз иелігінен айыруға (оның ішінде сатып алу-сату, сыйлау, жалға беру, айырбастау және тағы басқа жолдармен);

2) жануарларды асырау, өсіру бойынша қажетті ақпаратты мемлекеттік уәкілетті органдар мен жануарлар иелерінің қоғамдық ұйымдарынан алуға.

33. Жануарлардың иелері:

1) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарымен белгіленген жануарлар ауруларының алдын алуды және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелерді сақтай отырып, ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шараларды жүзеге асыруға;

2) хайуанаттар бағындағы, цирктегі, омартадағы, аквариумдағы жануарларды қоса алғанда, жануарлардың ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес асыралуын, өсірілуін және пайдаланылуын жүзеге асыруға;

3) аумақты, мал шаруашылығы қора-жайларын, сондай-ақ жемшөпті, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауға және өндеуге арналған ғимараттарды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұстауға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, өндеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтауға;

5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге;

6) жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені;

жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға;

7) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы вакцина етуге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге;

8) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ветеринариялық тексеру үшін кедергісіз беруге;

9) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың актілерін орындауға;

10) союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей жануарларды өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеуге;

11) кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе сою алаңдарында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында) союды жүзеге асыруға;

12) ветеринария саласындағы мамандардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу бойынша қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға жәрдем көрсетуге;

13) жануарларды карантиндеуді жүргізуге;

14) жаңа, жетілдірілген ветеринариялық препараттарға, тамақ өнімін, жемшөп , жемшөп қоспаларын өндіруге арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы уәкілетті органмен келісуге міндетті.

6. Қағиданың орындалуын бақылау

34. Маңғыстау ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау Қағидаларының орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттілік берілген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

7. Қорытынды ережелер

35. Осы Қағиданы бұзғаны үшін жануарлардың иелері "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 406-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

36. Осы Қағиданың қолданылуы меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жануарлардың барлық иелеріне, жеке және басқадай меншігінде жануарлары бар жеке және заңды тұлғаларға таралады.